АВТОРЛЫҚ ШАРТ

Алматы қаласы **2023 жылғы «13» қаңтар**

«Мазмұндама» қоғамдық қоры, (бұдан әрі – Пайдаланушы) 06.04.2022 жылдың №907 сенімхаты негізінде әрекет ететін **Басшы орынбасары Сейілхан Теңіз Жұмабекұлы** бір тараптан және

ТОО «МАЗМҰНДАМА БАСПАСЫ», (бұдан әрі – Пайдаланушы) Жарғы негізінде әрекет ететін **Басшы Мұқан Шыңғыс Жұмабекұлы** екінші тараптан және **Хасанова Баян Кумаровна** (бұдан әрі – Құрастырушы),

Жеке кәсіпкер «Пластика Алматы» (бұдан әрі – Жеке кәсіпкер) екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, осы Авторлық шартты (бұдан былай – Шарт) жасасты:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1.Осы Шарт бойынша Құқықиеленушінің тапсырмасы бойынша, Құрастырушы **«Таза бұлақ», Ыбырай Алтынсарин, «Тарту», Ахмет Байтұрсынұлы, «Қобыланды батыр», «Қазақтың шешендік өнері», «Қыз Жібек», «Сәулең болса кеудеңде», Абай Құнанбайұлы, «Жыраулар поэзиясы», «Жақсылық көрсем өзімнен», Сұлтанмахмұт Торайғыров, «Мен жастарға сенемін», Мағжан Жұмабаев, «Күн толғауы», Жамбыл Жабаев, «Қайырымды қала», Әбу Насыр әл-Фараби, «Шұғаның белгісі», Бейімбет Майлин, «Анық пен танық», Шәкәрім Құдайбердіұлы, «Кенесары-Наурызбай», Нысанбай жырау, «Қызғыш құс», Мазамбет Өтемісұлы, «Сыр сандық», Сәкен Сейфуллин, «Құтты білік», Жүсіп Баласағұн, «Мексұлы ұлы», Джек Лондон, «Абайдың қара сөздері»** кітаптарын құрастыру жөнінде қызмет көрсетуге (бұдан әрі – Қызмет), ал Құқықиеленуші осы Қызметті қабылдайды және төлеуге міндет алады.

1.2. Осы Шарт бойынша Қызметті құрастырушы **Хасанова Баян Кумаровна** көрсетеді.

1.3. Қызмет Құрастырушының орналасқан жері бойынша көрсетіледі.

1.4. Қызмет Құрастырушының өз күшімен атқарылады. Жұмыс нәтижесінің жойылу немесе бүліну қаупіне Құрастырушы жауапты болады.

1.5. Көрсетілген Қызметтің нәтижесі осы Шартта көрсетілген Құқықиеленушінің электрондық поштасына жіберілуі тиіс.

2. АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР

2.1. Құрастырушы Қызметті жеке өзі орындауға және авторлық құқықтарға қатысты кінәраттар туындаған жағдайда үшінші тұлғалар алдында жауапты болуға міндет алады.

2.2. Жеке мүліктік емес авторлық құқық Құрастырушыға тиесілі.

2.3. Құрастырушы жасаған материалдарға және Қызметтің нәтижелеріне айрықша мүліктік құқықтолық көлемде Құқықиеленушіге өтеді және мерзімсіз қолданыста болады. Құрастырушының әзірлеген материалдарды таратуға, таралымын көбейтуге, қандай да бір тәсілмен үшінші тұлғаларға пайдалануға беруге

құқығы жоқ. Айрықша құқықосы шартқа қол қойылған сәттен, қандай да бір формальдылықты сақтамай Құрастырушыдан Құқықиеленушіге ауысады.

2.4. Жұмыстың материалдық нәтижесіне меншік құқығы Тараптардың уәкілетті өкілдері орындалған жұмысактісіне қол қойған сәттен бастап Құқықиеленушіге өтеді.

2.5. Құқықиеленуші осы Шарт бойынша өзінің құқықтарын үшінші тұлғаларға беруге құқылы.

2.6. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 386-бабының 2-бөлігінің негізінде, Тараптар осы Шарт 2022 жылдың «12» желтоқсанынан бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін толығымен орындағанға дейін, ал есеп айырысуға қатысты - Тараптар толығымен өз міндеттемелерін орындағанға дейін күшінде болады деп белгіледі.

3. КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ БАҒАСЫ, КӨЛЕМІ МЕН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

3.1. Салықтар, ұстап қалулар, шегерімдер мен жарналарды есепке ала отырып Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Шарттың жалпы сомасы **357 509 (үш жүз елі жеті мың бес жүз тоғыз) теңгені** құрайды.

3.2. Көрсетілген қызмет Шарт талаптарына сай келмеген және Құқықиеленуші орындалған жұмысты қабылдау актісіне қол қоюдан дәлелді түрде бас тартқан жағдайда, Құрастырушы Құқықиеленушімен келісілген, бірақ бес күннен аспайтын мерзімде анықталған шегіністерді/кемшіліктерді жоюға міндетті, содан кейін Тараптардың келісімі бойынша орындалған жұмысты қабылдап алу-беру рәсімі толық немесе ішінара қайталануы тиіс.

3.3. Көрсетілетін Қызмет екі Тараптың уәкілетті өкілдері орындалған жұмысты қабылдау актісіне қол қойғаннан кейін қабылданды деп есептеледі.

3.4. Құқықиеленуші тиісті үлгіде және келісілген мерзімде көрсетілген Қызметтің ақысын Тараптар орындалған жұмысты қабылдау актісіне қол қойған сәтінен бастап 10 (он) күн ішінде төлейді.

3.5. Шарт бойынша төлем Құрастырушы осы Шартта көрсетілген банк есепшотына ақшалай қаражат аудару жолымен немесе қолма-қол ақша беру арқылы жүргізіледі.

4.ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін, Шартқа және заңнамаға сәйкес жауапкершілік жүктейді.

4.2. Құрастырушы міндеттемелерінің орындалу мерзімі өтіп кеткенін қоса алғанда, орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған жағдайда Құқықиеленуші өтіп кеткен әр күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,5% (нөл бүтін оннан бес проценті) мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлын төлеуді талап етуге құқылы.

4.3.Құқықиеленуші төлемақысының мерзімі өткен жағдайда Құрастырушы әрбір осындай жағдай үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір проценті), бірақ Шарттың жалпы соммасының 5% (бес процентінен) аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыппұлын төлеуді талап етуге құқылы.

5.ФОРС-МАЖОР

5.1. Тараптар өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамауына не тиісінше орындамауына, осы Шарт жасалғаннан кейін туындаған, Тараптар болжай алмаған немесе жоя алмаған форс-мажор себеп болса, Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

5.2. Форс-мажор деп су тасқыны, өрт, жер сілкінісі, табиғи құбылыстар, індет, соғыс немесе әскери қимылдар, сондай-ақ мемлекеттік билік органдарының немесе басқарма шешімдері түсініктікпен қаралады.

5.3. Форс-мажор туындаған кезде, олардың әрекетін бастан өткізген Тарап, бұл туралы 7 жеті күн ішінде екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуі тиіс.

5.4.Форс-мажорға сілтеме жасаушы Тарап осындай жағдай болғанын куәландыратын және мүмкіндігіне қарай олар Тараптың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігіне қалай әсер еткенін бағалайтын ресми құжаттарды екінші Тарапқа беруі тиіс. Жалпыға мәлім сипаты бар форс-мажор жағдайлары дәлелдеуді талап етпейді.

5.5. Форс-мажор әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдай болғанын растайтын, Шартқа сәйкес реттелетін құжаттарды ұсынбаса, олТарап Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде форс-мажорға сілтеме жасау құқығынан айырылады.

5.6. Форс-мажор туындаған жағдайда Тараптың Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі сол жағдай мен оның салдары әрекет ететін мерзімге сәйкес уақытқа жылжытылады. Форс-мажор мен оның салдары әрекет етуі екі айдан астам жалғасатын болса, Тараптар Шарт бойынша міндеттемелері орындалуының қолайлы балама тәсілдерін айқындау үшін қосымша келіссөз жүргізеді немесе Тараптардың міндетттемелері форс-мажор туындаған сәттен бастап орындалуы мүмкін еместігінен (ақшалай міндеттемелерді қоспағанда) тоқтатылады.

6.ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

6.1. Келіспеушілік туындаған жағдайда Тараптар дауларды мүмкіндігінше бейбіт жолмен реттеуге күш күш салады.

6.2.Бейбіт жолмен келісімге келу мүмкін болмаса, даулар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен Құқықиеленушінің тұрғылықты жері бойынша сот тәртібімен шешіледі.

7.ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

7.1. Осы Шарттың ережелері, қосымша келісімдер мен оған қосымшалары, оны орындауға байланысты құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады. Құрастырушы оларға рұқсатты Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға тікелей қатысатын тұлғаларға ғана беруге құқылы. Өзге тұлғаларға рұқсат Тараптар Шартта өзара келіскен талаптар бойынша беріледі.

7.2. Құрастырушы Шартқа сәйкес немесе оған қатысты Құқықиеленушіден алынған кез келген ақпаратты Құқықиеленушінің оған жазбаша келісімінсіз үшінші

тұлғаларға жария етпеуге және Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындаудан бөлек мақсаттарда пайдаланбауға міндеттенеді. Бұл талап мынадай жағдайларда әрекет етпейді:

7.2.1. ақпарат Құрастырушының қолына Шарт негізінде алынғанға дейін тиген болса;

7.2.2. ақпарат жалпыға мәлім болса және/немесе оны Құрастырушыға үшінші тарап берген болса;

7.2.3. ақпарат Құрастырушының осындай ақпаратқа рұқсаты жоқ қызметкерлері өз бетімен әзірлеген болса.

7.3. Жоғарыда көрсетілгендерге қарамастан ақпаратты алған Тарап, оны жария ету заңнама талаптарына қайшы келмесе немесе мұндай мәліметтерді Шартқа байланысты қандай да мәселені қарауға қатысатын сотқа және өзге де мемлекеттік құзыретті органдарға беру үшін ақпаратты жариялауға құқығы бар. Бұл ретте ақпаратты алған Тарап, бұл туралы ақпаратты берген Тарапты дереу хабардар ету үшін барынша күш салады және ақпараттың жария етілуіне байланысты оны қорғау мақсатында ақылға қонымды әрекет етеді.

7.4. Құпиялылық туралы осы ережелер Шарт әрекет ететін бүкіл мерзімде және Шарт тоқтатылған (бұзылған) күннен бастап бес жыл бойына қолданыста болады.

7.5. Шарт Тараптары арасында Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде қолданыста болатын құпия ақпаратты жария етпеу туралы Келісім жасалған болса, онда мұндай келісімнің ережелері ықтимал қайшылықтар бөлігінде Шарт ережелерінен басымдыққа ие болады.

8.ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ, БҰЗУ ТӘРТІБІ

8.1. Шарт талаптарындағы барлық өзгерістер Шарттағы сияқты бір нысанда тиісті қосымша келісім жасау жолымен жүзеге асырылады.

8.2.Құқықиеленуші Шартты, Құрастырушыны хабардар ету арқылы кез келген уақытта біржақты тәртіппен бұзуға құқылы, бұл ретте Тараптар барлық өзара есеп айырысуды жүргізуге міндеттенеді. Мұндай жағдайда Құрастырушы бұрын алған авансын (жағдайға қарай) Құқықиеленушіге 2 (екі) күн ішінде қайтаруға міндеттенеді.

8.3. Шартты бұзу Тараптардың келісімі бойынша тиісті қосымша келісімге Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюы жолымен мүмкін болады.

9.ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1. Шарт екі Тарап оған қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар өзіне алған міндеттемелерін толығымен орындағанға дейін қолданыста болады.

9.2. Шартқа қол қойылғаннан кейін, оған қатысты барлық алдын-ала келіссөздер, хат алмасулар, Шартқа қатысты осындай немесе басқаша мәселелер бойынша ниет туралы алдын-ала шарттар мен хаттамалар заңды күшін жояды.

9.3. Шарт, сондай-ақ Шартты орындауға байланысты туындайтын барлық құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндірілуге тиіс.

9.4.Шарт мәтіні бірдей заңды күші бар екі түпнұсқа дана етіп жасалды: олардың біреуі Құқықиеленушіге, екіншісі – Құрастырушыға беріледі.

9.5. Шартқа сәйкес реттелетін тәртіппен жасалған қосымшалар мен толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

10.ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН ҚОЙҒАН ҚОЛДАРЫ

Құқықиеленуші: **«Мазмұндама» Қоғамдық қоры**	**Құқықиеленуші** **ТОО «МАЗМҰНДАМА БАСПАСЫ»**
БСН 181040027336 Мекен-жай: Қазақстан 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Шәмші Қалдаяқов көшесі, 13, 2 пәтер. Нақты мекен-жайы: Қазақстан, 050000, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы 15, блок 4В, 11 қабат, кеңсе 1102 Банк деректемелері: ЖСК: KZ7896503F0008198967 БСК IRTYKZKA АО «Forte Bank» Кбе 18 E-mail: mazmundama@gmail.com Байланыс: +7775-909-01-77 **Басшы орынбасары** **Т.Ж. Сейілхан** _____	Мұқан Шыңғыс Жұмабекұлы БИН: 221240044363 Мекенжай: Алматы қаласы, Аль-Фараби даңғылы, 15 к4в, индекс 050059, блок 4В, 11 қабат, 1102 кеңсе **Директор** **Ш.Ж.Мұқан** _____
Құрастырушы: **Хасанова Баян Кумаровна** ЖСН 861010401604 **Хасанова Баян Кумаровна** _____	**Жеке кәсіпкер** **«Пластика Алматы»** ЖСН 861010401604 ЖСК KZ31722S000006162664 кбе 19 АО "Kaspi Bank" БСК CASPKZKA **Жеке кәсіпкер** **«Пластика Алматы»** _____